ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

2023. 10(1)
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.
*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2022
© Авторлар ұжымы, 2023

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Қазақстан).

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Казахстан).

**Әлімбай Нұрсан —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

**Әбіл Еркін Аманжолұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан).

**Вернер Кунтhиа (Werner, Cynthia) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) —** PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ).

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан).

**Қожамжарова Дария Пернешқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан).

**Кожирова Светлана Басиевна —** саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан).

**Дайнер Александр (Diener Alexander) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ).

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан).

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан).

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы —** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан).

**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

**Муминов Әшірбек Құрбанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslbm Tarih, Sanat ve Kьltьr Araştırma Merkezi. (Түркия).

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва).

**Самашев Зайнолла Самашұлы —** археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан).

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан).

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан).

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан).

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы —** тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы —** PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан),

**Қапаева Айжан Тоқанқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор**,** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы —** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

**ЖАУАПТЫ ХАТШЫ**

**Жәлиқызы Раушан —** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz

© Институт истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).
**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК (Казахстан).
**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК (Казахстан).
**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет, (США).
**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США).
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет, (США).
**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).
**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан).
**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан).
**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан).
**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан).
**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).
**Матыжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан).
**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).
**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция).
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва).
**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК (Казахстан).
**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан).
**Таймагамбетов Жакен Кожахметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан).

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).
**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).
**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Жалиқызы Раушан** — младший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru.
Journal website: https://edu.e-history.kz

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023
© Group of authors, 2023

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK (Kazakhstan).

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).
**Abil Yerkin Amanzholovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan).
**Ayagan Burkitbai Gelmanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SC MSHE RK (Kazakhstan).
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university, (USA).
**Golden Kathie Stromile —** PhD, Mississippi Valley State University (USA).
**Ismagulov Orazak Ismagulovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan).
**Karibayev Bereket Bakhytzhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).
**Kozhamzharova Daria Perneshovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan).
**Kozhirova Svetlana Bassievna —** Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan).
**Diener Alexander —** Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas, (USA).
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan).
**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan).
**Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich —** Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan).
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford (UK).
**Muminov Ashirbek Kurbanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Кьltьr Araştırma Merkezi). (Turkey).
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania).
**Samashev Zainolla Samashevich —** archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK (Kazakhstan).
**Sydykov Erlan Battashevich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan).
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna —** Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan). E-mail:aina__78@mail.ru

**ACADEMIC EDITOR**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).
**Kapaeva Aizhan Tokanovna—** Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan).
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly —** researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**EXECUTIVE SECRETARY**

**Zhalikyzy Raushan —** Master in humanitarian sciences, junior researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan). E-mail: rosh85@mail.ru

Published in the Republic of Kazakhstan
Edu.e-history.kz
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 10. Is. 1, pp. 138–153, 2023
Journal homepage: https://edu.e-history.kz

FТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_33_1_138-153

# VERNY MEN'S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT

*Orazgul Mukhatova*

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Dr. Sciences (History), Professor, Chief Researcher
https://orcid.org/0000-0002-8613-7248. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

© Mukhatova O., 2023

**Abstract.** *Introduction.* On September 1, 1876, the local tsarist authorities opened the Verny Men's Gymnasium to enable the children of the indigenous nomadic population to receive a secondary education and continue their studies at the universities of the Russian Empire. In 1883–1911, representatives of the Alash movement in Zhetysu were educated in this secondary educational institution. Those who graduated from the gymnasium worked as translators in the center and districts of the Zhetysu region. *Goals and objectives.* To study the education and employment of Alash figures in Zhetysu, who studied at the Verny Men's Gymnasium; disclose the details of the opening of the gymnasium and the rules for enrolling students, highlight the issues of the potential of students, the teaching staff, accommodation of students, conditions for admission to the boarding school; to analyze, on the basis of conduit sheets of students, their academic performance, discipline, passing exams, the reasons for the departure of Kazakh children; to show the influence exerted by the male gymnasium on the life path of the Zhetysu figures of Alash. *Results.* Based on archival sources, the article studies some facts from the life of the Alash figures of Zhetysu, who studied at the Verny Men's Gymnasium in the late XIX$^{th}$ and early XX$^{th}$ centuries. In the gymnasium, the children lived in a boarding house, they studied Russian, Latin, French, algebra, geometry, history, geography and passed exams. The students learned the rules of living in a state-owned house, the rules of the order, the ability to be true friends and reliable partners. In the process of learning, students got involved in reading books, mastered the Russian language, philosophical thinking, learned to express their opinion. *Conclusions*. The childhood of the leaders of the Alash movement in Zhetysu, who aspired to get an education, passed within the walls of the Verny Men's Gymnasium. Thanks to the acquired knowledge, they were employed in the civil service, received higher education, and became qualified specialists in their field.

**Keywords:** Verny, gymnasium, petition, student, boarding school, class, behavior, performance, conduit sheet, translator

**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Zhetysu figures of the Alash movement: destinies and heritage» (Registration number AP 14872226).

**For citation:** Mukhatova O.Kh. Vernenskaya Men's Gymnasium and Zhetysu figures of the Alash movement // Edu.e-history.kz. 2023. Vol. 10. No. 1. Pp. 138–153. DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_138-153.

# ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

*Оразгүл Хасенқызы Мұхатова*

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көш., 28-үй. 050010. Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, бас ғылыми қызметкер
https://orcid.org/0000-0002-8613-7248. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

© Мұхатова О.Х., 2023

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Жергілікті патшалық билік байырғы көшпелі халықтың балаларының орта білім алуына және одан әрі оқуын Ресей империясының университеттерінде жалғастыруға мүмкіндік беру мақсатында 1876 жылдың 1 қыргүйегінде Верный ерлер гимназиясын ашты. Осы орта оқу орнында 1883–1911 жылдар аралығында бір топ Жетісу Алаш қайраткерлері білім алды. Гимназияны бітіргендер Жетісу облысының орталығында және уездерінде тілмаш қызметін атқарды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Верный ерлер гимназиясындағы Жетісу Алаш қайраткерлерінің білім алуын және қызметке орналасуын зерттеу; гимназияның ашылуын және оқушыларды қабылдау ережелерін, әлеуетін, оқытушылар құрамын, оқушылар пәтерін, пансионға тұрғызу шарттарын айқындау; айып парақшалары бойынша қазақ балаларының үлгерімін, тәртібін, сынақ тапсыруын, оқудан кету себептерін талдау; гимназияның жетісулық Алаш қайраткерлерінің өмірінде қалдырған ізінің маңызын анықтау. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері бойынша XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында Верный ерлер гимназиясында білім алған Жетісу Алаш қайраткерлері зерттелді. Гимназияда балалар пансионда тұрып, орыс, латын, француз тілдерін, алгебра, геометрия, тарих, география пәндерін оқып, сынақ тапсырды. Олар қоғамдық орында тұруға, тәртіпке бағынуға, адал дос, сенімді серіктес болуға үйренді. Кітап оқу, орыс тілін меңгеру, ой толғау, пікір таныту тәрізді қасиеттерді бойларына сіңірді. *Қорытынды.* Верный ерлер гимназиясының қабырғасында Жетісу Алаш қайраткерлерінің білім алуға талпынған балалық шақтары өтті. Алған білімдерінің арқасында олар мемлекеттік қызметке тағайындалды, жоғары білімге қол жеткізіп, өз істерінің білікті мамандарына айналды.
**Түйін сөздер:** Верный, гимназия, өтініш, оқушы, пансион, сынып, тәртіп, үлгерім, айып парақшасы,аудармашы
**Алғыс айту.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдырлары және мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14872226).
**Дәйексөз үшін:** Мұхатова О.Х. Верный ерлер гимназиясы және Жетісу Алаш қайраткерлері // Edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С. 138–153. (Қаз.)
DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_138-153

# ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

*Оразгуль Хасеновна Мухатова*

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
https://orcid.org/0000-0002-8613-7248. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

**Аннотация.** *Введение.* 1 сентября 1876 года местные царские власти открыли Верненскую мужскую гимназию, чтобы дать возможность детям коренного кочевого населения получить среднее образование и продолжить обучение в университетах Российской империи. В 1883–1911 годах в этом среднем учебном заведении получили образование представители движения Алаш в Жетысу. Выпускники гимназии работали переводчиками в центре и уездах Жетысуйской области. *Цель и задачи исследования* – изучить образование и трудоустройство деятелей Алаш в Жетысу, обучившихся в Верненской мужской гимназии; раскрыть детали открытия гимназии и правил приема учащихся, осветить вопросы потенциала учеников, преподавательского состава, проживания учеников, условия приема в пансион; проанализировать на основе кондуитных листов учеников их успеваемость, дисциплину, сдачу экзаменов, причины ухода детей казахов; показать влияние, оказанное мужской гимнизией на жизненный путь жетысуских деятелей Алаш. *Результаты.* В статье на основе архивных источников изучены некоторые факты из биографии алашских деятелей Жетысу, обучавшихся в Верненской мужской гимназии в конце XIX – начале XX вв. В гимназии дети жили в пансионе, изучали русский, латынь, французский язык, алгебру, геометрию, историю, географию и сдавали экзамены. Ученики учились правилам проживания в казенном доме, правилам распорядка, умению быть верными друзьями и надежными партнерами. В процессе обучения ученики приобщались к чтению книг, овладевали русским языком, философским мышлением, учились выражать свое мнение. *Выводы.* Детство деятелей движения Алаш в Жетысу, стремившихся получить образование, прошло в в стенах Верненской мужской гимназии. Благодаря полученным знаниям они были трудоустроены на государственную службу, получили высшее образование, стали квалифицированными специалистами в своей области.

**Ключевые слова:** Верный, гимназия, прошение, ученик, пансион, класс, поведение, успеваемость, кондуитный лист, переводчик

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Жетысуские деятели движения Алаш: судьбы и наследие» (регистрационный номер: АР 14872226).

**Для цитирования**: Мухатова О.Х. Верненская мужская гимназия и Жетысуские деятели движения Алаш // Edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С. 137–152. (На каз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_138-153.

## Кіріспе

Жетісулық Алаш қайраткерлерінің нағыз ұлтжанды, халқының болашағына алаңдайтын тұлғалар болып қалыптасуына олардың алған білімдері мен қызметтерінде жинақтаған тәжірибелері, көкейлеріне түйген өмірлік жайттар ықпал еткені хақ. Жетісулық алаштықтардың біразы орта білімді өз заманында атына заты сай Верный ерлер гимназиясында алды. Білімді болашақтарының рухани азығы санаған арыстар орыс, француз, неміс тілдерін үйреніп,

философиялық ой толғауға машықтанып, арифметикадан есеп шығарып, географияны танып, сурет салып, көзі ашық, көкіректері ояу азаматтар ретінде қалыптасты. XIX ғасырдың соңы — 1917 жылы қазан революциясына дейінгі аралықта Верный ерлер гимназиясында 2367 оқушы оқыса, солардың 109-ы қазақ балалары болды. «Жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар» дегендей, жүзден аса баланың арасынан бірқатары білімдерін Ресейдің жоғары оқу орындарында жалғастырып, ел таныған білікті мамандарға айналса, енді біреулері жұрт кәдесіне жаратты. Бірі салиқалы әрі салмақты ел ағаларына, екіншілері өрімдей жастар XX ғасырдың бас кезінде ұлт-азаттық күреске араласып, Алаш қозғалысының бір бөлшегіне айналды. Жетісуда облыстық қырғыз комитетін құрып, өлкенің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени түйткілдерінің түйінін шешті. Жетісулық Алаш қайраткерлерінің рухани капиталы арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыруға лайық. Осы тұрғыдан алғанда «жетісулық тілмәштардың» білім деңгейлерін айқындау өзекті болып саналады. Отандық тарих ғылымында жетісулық алаштықтардың Верный ерлер гимназиясында білім алулары туралы арнайы зерттеулердің орын алмауы бұл мәселені зерделеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

## Материалдар мен әдістер

Верный ерлер гимназиясында білім алған жетісулық өрендер туралы деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 94-қорында сақтаулы. Қор құжаттары гимназия тарихы және онда білім алған балалар, соның ішінде жетісулықтар бойынша мол мәлімет береді. Тарихи деректерді деректанулық талдаудан өзге жетісулық балалардың оқу орнындағы өмірі мен күнделікті тұрмыс-тіршіліктерін өркениеттік даму тұжырымдамасы аясында локалды тарихты зерттеу бағыты бойынша зерделеу ұтымды. Бұл бағыт Верный ерлер гимназиясының жағдайын, үй-жайын, басқарылуын, қаржыландырылуын, оқытушылар құрамын, оқушылар санын және т.б. мәселелерді терең зерттеуде тиімді. Бастауында Джованни Леви және Карло Гинзбург тұрған күнделікті өмірді зерттеудің (Бродель, 1986) өзекті бағыты қазақ балаларының гимназияға оқуға түсуін, үлгерімін, тәртібін, келесі сыныпқа көшірілуін бағамдауда тиімді. Жетісу Алаш қайраткерлерінің гимназияда білім алуын ұлттық мүдде, өркениеттілік (Сорокин, 1992: 543), феноменологиялық (Гуссерль, 2008) бағыттарда зерделеу маңызды. Аталған ғылыми бағыттар тарихилық қағидамен тығыз байланыса отырып, гимназиядағы қазақ балаларының білім алуын хронологиялық ретте, сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. Ал объективтілік қағидасы гимназиялық қазақ балаларының оқуын шынайы зерделеуде білім алу барысында орын алған кемшіліктерін, қателіктерін, сыныпта қалдырылу себептерін анықтауда маңызды. Әлеуметтік қағида оқушылардың шығу тегі, ортасы, ата-анасы, сабақ берген мұғалімдері мен тәрбиешілері туралы тарихи фактілерді талдауға септеседі.

Верный ерлер гимназиясындағы қазақ балаларын зерттеуде талдау, жүйелеу, жалпығылыми индуктивті, дедуктивті және ретроспективтілік, баяндау, сипаттау, есептеу, қорыту әдістері қолданылды.

## Талқылау

1980–1990-жылдардың бас кезінде ұзақ жылдар бойы «жабулы» тақырыптардың бірінен саналған Алаш қозғалысы тарихы әр қырынан қарастырылып, шынайы әрі салмақты тұжырымдар жасалды. Алайда ғылыми зерттеулерде жетісулық Алаш қайраткерлерінің ұлт тұтастығы мен бірлігінің мүддесін қорғауға қосқан үлестері көрініс таппады. Олардың есімдері ғана аталды. К. Нұрпейістің (Нұрпейіс,1995.), М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1995) іргелі зерттеулерінде жетісулық Алаш қайраткерлірі туралы үстірт айтылды. Б. Әбдіғалиұлы (Әбдіғалиұлы, 2018) Алаш әскері тарихы зерделеген еңбегінде 1918–1920 жылдарда Базарбай Мәметовтің және т.б. қайраткерлердің жасақ құруға атсалысқандарына тоқталады. Е. Тілешев және Д. Қамзабекұлы құрастырған энциклопедиялық анықтамалықта (Тілешев, Қамзабекұлы,

2014) Жетісу Алаш жекелеген қайраткерлері жөнінде ақпарт беріледі. Мұның өзі мәселе турасында іргелі әрі кешенді зерттеулер орын алмаған дегенді білдіреді. Дегенмен қазақ елінің азаттығы мен халқының бостандығы үшін күрескен саны отыздан асатын жетісулық алаштықтардың өмірі мен қызметі соңғы жылдары зерделене бастады. Отандық тарих ғылымында Ж.М. Ескендірұлының (Әбдешев) «Алашорда министрлері» атты еңбегінде (Ескендірұлы, 2008) жетісулық Алаш арыстары Садық Аманжолов, Отыншы Әлжанов, Базарбай Мәмбетовтің қызметі жөнінде қысқаша сипаттама берілген. «Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда» ұжымдық монографияда (Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда, 2018) Жетісу қазақ съезі және оны ұйымдастырушылардың бірі ретінде Ы. Жайнақовтың және оның серіктері Ғ. Ордабаев, Қ. Шегіров, Н. Жақыпбаев (Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда, 2018: 99–100) аталады. Екінші Жетісу облыстық қазақ-қырғыз съезіне Сатылған Сабатаевтың төрағалық еткені баядалады (Қазақ мемлекеттілігі, 2018: 102).

Тарихнамада жекелеген жетісулық Алаш қайраткерлері туралы зерттеулерден өзге олардың өздерінің туындыларын жинақтап, жариялаған бірлі-жарым еңбектер кездеседі. Солардың бірі С.М. Әлжанова және С. Смағұлованың Отыншы Әлжановтың шығармалары мен тағдыры туралы деректік материалдар топтастырылған еңбегі (Әлжанова, Смағұлова, 2004) зерттеушілер тарапынан қызығушылық тудырады. Кітапта көрініс тапқан О. Әлжановтың «Дала уалаяты газетінің» беттерінде жарық көрген туындылары Алаш қайраткерінің тарихи тұлғасын ашуға мұрындық болады.

Жекелеген жетісулық Алаш қайраткерлері қарастырылған зерттеулер де некен-саяқ. Осы орайда Ү. Бүркітбаева мен Ж. Қарабасовтың бірлескен еңбегі атап өтуге тұрарлық (Бүркітбаев, 2020). Зерттеуде Ы. Жайнақовтың өскен ортасы, Жетісу өңірінің қоғамдық-саяси ахуалына араласуы, облыстық комитетке төрағалық етуі, Шыңжан өлкесіндегі қазақ босқындарына көмегі көрсетіледі.

Жетісулық Алаш қайраткерлерінің қызметін зерделеуге арналған зерттеулер көбінесе ғылыми мақалалар түрінде жарияланған. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдары маңызды тарихнамалық деректер тобын құрайтын жарияланған архив құжаттарының жинақтары жарық көрді. Сондай жинақтардың қатарындағы «Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері» (Алаш қозғалысы және оның жетісулық қайраткерлері, 2017) және «Алаш қозғалысы» (Алаш қозғалысы, 2007) атты жинақтардың жетісулық Алаш зиялыларының қызметі мен тағдырын зерделеудегі маңызы айтарлықтай.

**Нәтижелер**

Верный ерлер гимназиясы 1876 жылдың 1 қыркүйегінде құрылды. 1875 жылы мамырда Мемлекеттік кеңестің жалпы жиналысы Халық ағарту министрлігінің ұсынысын қарап, «хатта жазылған пікір» бойынша Түркістан өлкесінде Сібірдегі оқу орындарының үлгісіне сәйкес, генерал-губернатор жанындағы мектептердің бас инспекторын тағайындаумен Ташкент және Верный қалаларында екі прогимназия ашуды шешкен еді. — 1871 жылы 31 шілдесіндегі үкіметтің бекітуімен Халық ағарту министрлігінің прогимназиялар туралы жарғысы негізінде алдымен төрт сыныпты, екі ежелгі тілдерді: грек және латын оқытатын прогимназия өз қызметін 1876 жылы 1 қыркүйекте бастады. Жетісудың Верный қаласында ерлер гимназиясының пайда болуы үкіметке жалпы орта білім беретін оқу орнын ашу туралы өтініш хат жолдаған Түркістан өлкесінің тұңғыш генерал-губернаторы Константин Петрович Кауфманның есімімен тығыз байланысты еді.

Гимназияға өтініштер 1876 жылдың 26 тамызынан бастап көпес Абдулгазиновтың үйінде қабылданды. Алғашында прогимназияның өзіндік ғимараты болмағандықтан үй-жайды жалдауға әскери губернатордың өкімімен 1500 рубль бөлінді. Осы қаржыға көпестің үйі жалға алынды. Өтініштердің сұлбасы баспа қағазы түрінде тегін берілді. Өтінішке қоса тууы,

христиан дінінің өкілі болса, шоқынғаны жөнінде және шешекке қарсы екпе салдырғаны туралы куәліктер талап етілді. Ашылған жылы прогимназияда пансионсыз екі толық және бір дайындық сыныптары болды (АқМА. 390-қ. 9 «С»-т. 17-іс. 1-п.). 1877 жылы 8 маусымда Халық ағарту министрі бекіткен оқу жоспарларында орыс тілі пәнінің грамматикалық оқу материалы күшейтілді. Прогимназияның 1-сыныбына қабылданатындардан 1878–1879 оқу жылынан бастап жылдам әрі мәнді оқу және қойылған сұрақтар арқылы мәтінді мазмұндау, бірнеше мысалдар мен өлеңдерді жатқа айту, дыбыстар мен әріптерді дауысты, дауыссыз және жартылай дауысты дыбыстар бөлу, жай сөйлемнің құрылымын білу талап етілді (АқМА. 390-қ. 9 «С»-т. 30-іс. 1-п.). Дайындық сыныбын бітірген қазақ балалары арифметика мен орыс тілінен сынақ тапсырды. Ал орысша оқығандар үшін бұларға Құдай заңдары пәні қосылды. 2 және 3-сыныпты тәмамдаған оқушылар орыс, латын, француз және неміс тілдерінен, арифметика мен географиядан сынақ өткізді (АқМА. 390-қ. 9 «С»-т. 31-іс. 1-п.). Емтихан тапсырылатын пәндер сынып жоғарылаған сайын күрделене берді.

Верный қаласында орта оқу орнын ашуда жергілікті патшалық билік барлық гимназияларды құрудағы ортақ мақсатымен қатар жергілікті көшпелі халықтың балаларының орта білім алуына және одан әрі оқуын Ресей империясының университеттерінде жалғастыруға мүмкіндік беруді көздеді. Жетісудың байырғы тұрғындарына балаларының оқып, империяның жергілікті басқару органдарында аудармашы, тәлмаш қызметтерін атқарғандары дәреже саналды. Алыс аймақтарға барып, білім алудан гөрі жақын жерде оқығандары ата-аналарына қолайлы еді. Қыздарынан гөрі ер балаларын оқытуды мақсат еткен халық ұлдарының Верныйда ашылған ерлер гимназиясында оқуын құптады. Сондықтан да осындай оқу орнының ашылуын қуана қарсы алды.

Верный қаласын оқу орны ашылатын қала ретінде таңдаудың өзіндік сыры бар еді. Верный 1867 жылдың 14 сәуіріндегі «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Уақытша ережеге» сәйкес Жетісу облысында құрылған бес уездің бірінің орталығы болды. Уездің аумағы оңтүстің-батысында Балқаш көлі мен Шу өзені бассейнін бөліп тұрған таулармен, солтүстігінде Алатаумен, одан әрі Қытаймен шекарлас аудардармен шектесті (ҚР ОМА. 41-қ. 1-т. 797-іс. 62-п.). Верный ХІХ ғасырдың екінші жартысында Жетісудың экономикалық, қоғамдық және мәдени ошағы ретінде ерекшеленді. Оған қоса Алатаудың бөктеріндегі қаланың әсем табиғаты кез-келген адамды баурады.

1877 жылы прогимназия жанынан кейінірек пансионға айналған қырғыз (қазақ) оқушылар пәтері құрылды. Онда гимназияға оқуға қабылданған немесе сонда оқу барысындағы орыс оқушыларымен қатар қазақ балалары тәрбиеленді. Бұратаналарға арналған оқушылар пәтерінде тұрудың ережесін 1877 жылы 19 мамырда Түркістан генерал-губернаторы бекітті. Ереженің бірінші тармақшасында «Верный қаласындағы студенттік пәтер Түркістан қаласы генерал-губернаторлығының бекітуімен халық ағарту ісіне қырғыздардың ерікті қайырымдылықтары есебінен қамтамасыз етіледі» делінсе, екінші тармақшасында «гимназияда оқитын және оған үміткер ретінде дайындалып жатқандар пәтерде тегін, қазна есебінен тұрады» деп жазылған. Үшінші тармақшасында пәтердің меңгерушісі қызметіне Санкт-Петербургтың шығыс тілдері факультетін немесе Лазерев шығыс тілдері институтын тәмамдаған оқытушы тағайындалатындығы ашып көрсетілген. Пәтерде тұратын оқушы жасы алтыдан кіші және оннан үлкен емес, дені сау болуы тиістігі ереженің оныншы тармақшасында айтылды.

1879 жылдың 1 шілдесінде оқу орны алты сыныптық прогимназияға айналды. Ал 1881 жылы толық классикалық гимназия ретінде жұмыс істеді (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 129-іс. 24-п.).



*1-сурет.* Верный ерлер гимназиясының сыртқы көрінісі (ҚРОМКФДЖА. 2-46991)
[*Fig. 1.* External view of the Verny men's gymnasium (CSACPhDAR RK. 2-46991)]

Гимназияға қабылдау ережесі өзгермегенімен оқуға үміткерлердің жасы нақты анықталды. Мәселен, ендігі уақытта оқуға сегіз жастан кіші және он жастан үлкен емес, 1-сыныпқа оннан кіші, он екіден үлкен емес, 2-сыныпқа он бірден кіші емес, он үштен үлкен емес балалар түсті (АқМА. 390-қ. 9 «С»-т. 125-іс. 1-п.). Ата-аналары өтінішке қоса жоғарыда аталған куәліктермен бірге атағы болса, (текті адамдар үшін) сәйкесінше дәйек, шенеунік болса, қызмет ету тізімі (послужной список), өзге сословиеден болса, айналысатын кәсібі жөнінде құжат өткізуге міндеттелді.

Прогимназия толық классикалық гимназияға айналған тұста 1899 жылы Верный ерлер гимназиясында 260, 1904 жылға қарай 321, 1905 жылы 343 оқушы білім алды. Солардың арасында кейінірек Алаш қозғалысының қайраткерлері атанған қазақ балалары оқыды.

Қазақ балаларының арасынан алғашқылардың бірі болып гимназияда 1883–1884 оқу жылынан бастап білім алған — Қалығұл Шегіров. Қалығұлдың 1888–1889 оқу жылындағы үлгерімі мен тәртібі біраз жайттан хабар береді. Оның жылдық қорытынды бағалары орыс тілі – 3, латын тілі – 3, алгебра – 4, геометрия – 4, тарих – 3, география – 3, француз тілі – 3, тәртібі – 5 болғанымен емтиханды жақсы тапсырған. Дәлірек айтсақ, емтихан комиссиясы Қалығұлдың біліміне орыс тілінен «жақсы», латын тілінен «орта», арифметикадан «өте жақсы», алгебрадан «өте жақсы», геометриядан «өте жақсы», тарихтан «жақсы», географиядан «жақсы», француз тілінен «жақсы» деген баға қойған. Сөйтіп ешбір кедергісіз бесінші сыныпқа көшірілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 109-іс. 11-п.). Алайда архив қорында Қалығұлдың кондуитті, яғни жеке айып парақшасы сақталмаған. Айып парақшасы – оқушының теріс қылықтары жазылатын журнал. Мұндай әдіс XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының гимназияларында, діни оқу орындарында, кадет корпустарында қолданылған. Осындай журналда оқушының гимназияға қабылданған уақытынан оны тәмамдағанға немесе шығып кеткенге дейінгі тәртібі және келесі сыныпқа көшірілуі туралы жазбалар жазылған.

1888–1889 оқу жылында гимназияның бірінші сыныбында Ысқақ Жақсылықов оқыған. Ысқақ жыл бойы оқыған пәндері бойынша бірыңғай «жақсы» деген баға алған. Емтиханды орыс тілінен, латын тілінен, арифметикадан «өте жақсы» тапсырған. Жыл бойынша жалпы қорытынды үлгерімі орыс тілі – 4, латын тілі – 5, арифметика – 4, география – 4, француз тілі – 5, көркем жазу – 4, тәртібі – 5 болып бағаланған. Осылайша гимназияның педагогикалық кеңесінің қаулысымен екінші сыныпқа II-дәрежелі марапатпен көшірілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 106-іс. 8-п.).

1888–1889 оқу жылында Түбек Есенғұлов оқуға қабылданды. Оқушының жеке айып парақшасының бірінші бетінде оның шығу тегі, туған жері және жылы, наным-сенімі, ұлты, гимназияға қабылданған және кеткен уақыты жазылмаған. Верный ерлер гимназиясында білім алған өзге қазақ балаларының осындай парақшаларының алғашқы беті толтырылған. Сол

арқылы оқушы туралы біраз мәлімет алуға болады. Түбектің парақшасы оқуға түскен кезінен бастап толтырылмаған. Ол тек Түбектің гимназиядан кететін кезінде, яғни 1896 жылдың 20-31 қазан аралығында толтырылған.

Түбектің анасы — Дүрдана Есенғұлованың гимназия директорының атына 1896 жылы 16 қарашада жазған өтінішінде тұрғылықты жері Пішпек уезінің Шу болысы деп көрсетілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1800-іс. 1-п.). Алайда энциклопедияда Түбек Есенғұлов 1874 жылы Верный уезі Үлкен Алматы болысында дүниеге келген делінеді. Туған жері турасындағы мәлімет дұрыс болғанымен дүниеге келген уақыты күмән тудырады. Себебі қазақтар ер балаларын оқуға шамамен он жасында берген. Верный ерлер гимназиясында оқыған өзге қазақ балаларының барлығы дерлік он жастарында оқуға келген. Гимназияның ережесі бойынша балалар оқуға 8 жастан қабылданған. Осы қағиданы ескерсек, Түбек оқуға он жасында келген болса, онда оның туған жылы 1879 жыл болып табылады. Егер Түбек 1874 жылы туылған болса, онда оның гимназияға қабылданған кездегі жасы он төрт болып шығады. Қазақтар үшін бұл — баланың емес есейген баланың жасы. Сонымен қатар Түбек гимназияға дейін орыс-қазақ мектебінде немесе уездік училищеде оқуы мүмкін. Сол себепті он төрт жасында гимназияға түскен болады. Мұндай жағдайда он төрт жасар Түбек 1-сыныпқа емес 5-сыныпқа қабылдануы керек. Түбектің гимназияның дайындық бөлімінде оқуға қабылданғанына қарағанда мұндай мектепте оқымаған болып шығады. Олай болса, Түбектің гимназияға дейінгі білім алуын зерттеу міндеті туындайды.

Гимназияның бірінші сыныбына қабылданғаннан кейінгі айып парақшасында латын тілінен аударманы жазбағаны және оны жасырғаны, сол үшін басшылардың шешімімен сабақтардан кейін 1 сағатқа гимназияда қалдырылғаны жазылған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1800-іс. 4-п.).

1888–1889 оқу жылының соңында бірінші сынып оқушысы Түбектің үлгерімі былайша бағаланды: орыс тілі, латын тілі, арифметика – 3, география, сурет салу – 4, көркем жазу –5, тәртібі – 5. Түбек те емтиханды жақсы тапсырып, орыс тілінен, латын тілінен «өте жақсы», арифметикадан «жақсы» деген баға алған. Оқу жылында жақсы көрсеткіш көрсеткен Түбек гимназияның педагогикалық кеңесінің шешімімен II сыныпқа көшірілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 106-іс. 12-п.).

1891 жылы 4 ақпанда Түбек тәрбиешіге бағынбағандығы үшін 4 сағатқа және 23 наурызда еркелігі үшін 2 сағатқа гимназияда қалдырылған. Осы жылдың 4 шілдесінде IV-сыныпқа II-дәрежелі марапатпен көшірілді. Осылайша сыныптан сыныпқа айтарлықтай тәртіп бұзушылықсыз көшірілді. Айып парақшасында Түбек Есенғұлов 1896 жылдың 31 қазанында VIII-сыныпта оқып жүрген кезінде өтініш және отбасы жағдайына байланысты гимназиядан кетті делінген. Бұл жайтты дәйектейтін анасы — Дүрдана Есеғұлованың атынан жазылған өтініште баласының денсаулығының әлсіздігіне және отбасы жағдайына байланысты қажетті құжаттарды беруін сұраған өтініш архив қорында сақтаулы. Түбекке тиісты құжаттар сол жылдың 16 қарашасында берілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1800-іс. 1-п.). Өкінішке орай қорға өзге құжаттар тіркелмеген. Тарихтан белгілі Түбек Қазандағы ветеринария институтына оқуға түсіп, оны тәмамдаған кейін Жаркент уезінде мал дәрігері болып қызмет етті. Осылайша Жетісу облысынан шыққан алғашқы мал дәрігерінің біріне айналды. Адал қызметі мен өз ісін жетік білуінің арқасында Түбек «алқа тіркеушісі» шенін иеленді.

Қалығұл, Түбек оқыған кезде гимназияда сегіз толық және бір дайындық сыныптары болды. Гимназияның қамқоршысы Жетісу облысының әскери губернаторы болған. Гимназияның басшы және мұғалімдер, қызметкерлер құрамы мыналардан тұрды: 1 директор, 1 инспектор, 1 Құдай заңдарын оқитатын мұғалім, әртүрлі ғылымдар мен тілдерді оқытатын 10 мұғалім, көркем жазу мен суреттен сабақ беретін 1 мұғалім, 2 сынып тәрбиешісінің көмекшісі, 4 қызметкер: 1 дәрігер, 1 қазақ оқушылары пәтерінің меңгерушісі және 1 ән, 1 әскери

гимнастика мұғалімі. Барлығы - 20 адам (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 129-іс. 25-п.). 1890 жылы 163, 1891 жылы 177 оқушы білім алды. Қазақ оқушылары пәтерінде 1890 жылы 28, 1891 жылы 32 оқушы тұрды. Осы пәтердің жанынан кіші дайындық сыныбына оқуға түсушілерге арналған бөлек үй болды. Онда  6 бала орналасты. Барлық оқушылардың 141-і православие, 27-сі мұсылман дінін ұстанды. Балалардың барлығы дерлік Жетісу облысының тұрғындары болды. Толық және дайындық сыныптарында білім алған барлық оқушылар оқу ақысы ретінде жылына бір рет 40 рубль төледі.

Верный гимназиясына Түбек Есенғұловтан үш жыл кейін Иса Тергеусізов дайындық сыныбының кіші балалар бөліміне оқуға қабылданды. Исаның айып парақшасында 1882 жылы Жетісу облысының Верный уезінде қарапайым қазақ отбасында дүниеге келгендігі жазылған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2740-іс. 1-2-пп.). Иса басқа да қазақ балалары тәрізді дөрекі түрде тәртіп бұзбаған. Сабаққа дайындалмай келгені, еркелігі үшін гимназияда екі сағатқа қалған. Тәртібіне үнемі өте жақсы деген баға қойылған. Исаның жетістіктері мен тәртібі жазылған куәлікте оның орыс тілінен, арифметикадан, көркем жазудан, сурет салудан қанағаттанарлық деген баға алғандығын көруге болады. Жылдық қорытынды бағасы да осындай болған. Сол себепті дайындық аға сыныпқа көшірілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 170-іс. 44-п.). Иса 1898 жылы арифметикадан қосымша емтихан тапсыруға тиіс болды. Оқушы емтиханға келмеген, сол себепті, яғни нашар үлгерімі, ІІІ-сыныпты екі жыл оқығаны үшін педагогикалық кеңестің ұйғарымымен 1898 жылы 14 тамызда гимназиядан шығарылған (ҚР ОМА. 94 қ. 1-т. 2740-іс. 3-п.). Гимназияның ережесі бойынша бір сыныпты екі жыл оқыған оқушы оқудан босатылған.

1898 жылы 25 тамызда Иса пансионнан алған барлық заттарын қайтару туралы Кіші Алматы болысына келгеннен кейін қолхат жазған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2740-іс. 4-п.). Үш сыныптық білім бар Иса білімін өзбетінше жетілдіруге бел байлаған. Ол үшін қаржының қажет екендігін сезінген боз бала аудармашылық қызметке тұруды көздеген. Гимназияның ережесі бойынша гимназияда білім алған жас өрен хат жазушы (письмовод), тәлмаш болып қызметке тұра алатындығы, қажырлы әрі адал еңбегі арқылы жоғары лауазымдарды атқара алатындығы жазылған. Осы орайда қызметін алдымен болыстық тілмәштан бастаған Иса учаскелік приставтың аудармашысына дейін көтерілді. Қызметінде тәжірибе жинақтап, әртүрлі адамдармен танысып, беделді маманға айналды. Соның арқасында Жетісу облысы әскери губернаторының бұйрығымен Верный уездік басқарамасына аудармашы қызметіне тағайындалды.

Гимназияның жанындағы қазақ балаларына арналған пансионға әлеуметтік жағдайы орташа адамдардың балалары қабылданған. Пансионға қабылдау үшін гиназия басшылығы оқушының отбасы мүшелерін, ата-анасының адамгершілік қасиеттерін, әлеуметтік-тұрмыс жағдайларын, яғни жылжымайтын мүлкін, мал басын дәйектейтін құжаттарды талап еткен. Алайда пансионға сұранушылардың барлығының дерлік өтініштері қанағаттандырылмаған. Мәселен, Батыс-Талғар болысының тұрғындары Жаба және Мірқасым Сүлейменовтерге інісі Құрманбай мен ұлы Сәменді пансионға орналастыру турасындағы өтініштері қайтарылған. Себебі Верный уезінің бастығынан өтініш берушілердің мүлкі, адамгершілік қасиеттері, ұсыныс жасауға байланысты қорытынды жіберуді талап еткен (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 562б-іс. 1-п.). Батыс-Талғар болысының бастығы аталған екі адамның отбасы тізімінде Құрманбай мен Сәменнің бар екендігін растап хат жазған. Хатта Мірқасым Сүлейменовтің Үлкен Алматы станицасында құны 5000, Жаба Сүлейменовтің 4000 рубль тұратын үйінің және біріншісінің 1200, екіншісінің 1000 бас малының бар, өздерінің беделді, сенімді адамдар екендігі айтылған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 562б-іс. 6-п.). Гимназия басшылығы Сүлейменовтер бай-қуатты адамдар болғандықтан інісі мен баласын гимназияда өз есептерінен оқыта алатындықтарын жеткізген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 562б-іс. 7-п.).

Гимназияда 1893–1902 жылдар аралығында Ыбырайым Жайнақов оқыды. Ыбырайым

1883 жылы Үлкен Алматы болысында өмірге келген. Емтихан тапсырып, 1893 жылдың 16 шілдесінде дайындық сыныбына оқуға қабылданды. Бірінші, үшінші сыныпқа тәртібіне өте жақсы, ІІ-дәрежелі марапатпен көшірілген. Дегенмен сабаққа кешігіп келу, сабақ үстінде достарына көмектесу, рұқсатсыз гимназиядан кетіп қалу тәрізді тәртіпсіздіктер жасаған. Сол үшін гимназияда қалдырылып, сөгіс жарияланған. Нәтижесінде 1899–1900 оқу жылының төртінші тоқсанында тәртібіне төрт қойылған. 1902 жылы 16 шілдеде гимназиядан шығуға мәжбүр болды (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1657-іс. 6-п.). 1901 жылы 15 наурызда гимназия директорының атына IV-сынып оқушысы Ыбырайым (Ибрагим Джайнаков) маусым айына дейін үйіне, одан кейін науқасына байланысты Ыстық көлге емделуге баруға өтініш жазды. Денсаулығы туралы гимназияның дәрігері куәлік беріп, өкпе ауруымен ауыратындығын растады. Дәрігер Ыбырайымның тезірек үйіне жетіп, қымыз ішіп, Пржевальск қаласына барып, теңізге шомылу қажеттілігін қадап жазған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1657-іс. 5-п.).

Емделіп, гимназияға қайта оралған Ыбырайым VII-сыныпта оқып жүрген кезінде қайта науқастанған. Гимназия директорының атына анасы штабс-капитанның жесірі Шолпан Жайнақованың жазған өтішінде «отбасылық жағдайлар және VII-сынып оқушысы ұлы Ибрагим Жайнақовтың денсаулығының осалдығы оны гимназиядан алып кетуге мәжбүрлегені» ашық айтылған. Директордан Ыбырайымды гимназиядан шығаруды, алты сыныпты бітіргені, тәртібі туралы куәлік беруді өтініп сұраған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1657-іс. 3-п.).

1904 жылы Ыбырайым өзін Қазан қаласындағы ветеринарлық институтқа оқуға қабылдауды сұраған. 1904 жылдың 28 шілдесінде Қазан ветеринарлық институтының директоры Верный гимназиясының басшысынан институтқа қабылдау үшін Халық ағарту министрлігінің 1902 жылдың 29 шілдесіндегі № 20058-циркулярлы өкіміне сәйкес өтініш берушінің айып парақшасының толық көшірмесін жіберуді хабарлаған. Верный ерлер гимназиясының сол кездегі директоры М. Вахрушин сол жылдың 16 тамызында ветеринарлық институт директорына Ыбырайымның гимназиядағы соңғы үш жылдағы айып парақшасының көшірмесін жіберген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1657-іс. 5-п.). Малдәрігерлік институтқа қабылданғанымен Ыбырайым денсаулығына байланысты оқи алмады. Осыдан кейін білімді жас азамат алдымен Жаркент уездік, содан кейін Жетісу облыстық басқармасында тілмәш болып қызмет етті.

Верный ерлер гимназиясының дайындық сыныбына емтихан тапсырып, оқуға түсіп, 1894–1902 жылдар аралағында білім алған келесі Жетісу Алаш қайраткері — Төлембай Дүйсебаев (Түлембай). Төлембай да Верный уезінің Үлкен Алматы болысында 1884 жылы туған. Гимназияда тәртібі өте жақсы болғанымен 1897 жылы 23 мамырда өткізілген педагогикалық кеңестің шешімімен бірінші сыныпта қалдырылған. Сөйтіп, бірінші сыныпты екі жыл оқыған. Ауылдан келіп, орыс тілін үйрену, көркем етіп жазу, есеп шығару, сурет салу Төлембай үшін ауыр болғаны хақ. Әкесінің сенімін ақтау, қатарынан қалмау одан көп еңбектенуді талап етті. Әкесі Дүйсебай Шұманақұлы Үлкен Алматы болысында жиырма жылдан аса би, Меккеге барып, қажы атанған, мешіт салдырған білімді әрі ауқатты, халқына адал қызмет еткен сыйлы адам болған. Осындай текті жерден шыққан бала өзінің отбасында көрген тәрбиесінің арқасында жақсы тәртіп, орташа үлгерім көрсеткен. Бұл өз заманы үшін жақсы жетістік саналады, өйткені орысша білім алу, гимназияның қатаң тәртібіне бағыну ауыл баласына оңайға түспегені анық.

VII-сыныпта оқып жүрген кезінде 1902 жылдың соңында әкесі Дүйсебай Шұманақов баласын отбасылық жағдайларға байланысты гимназиядан шығарып алған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1662-іс. 1-п.). Отбасылық жағдай деген жай сылтау болатын, себебі сол кездегі би, болыстар балаларының гимназияны тәмамдауына мүдделі болмады. Орыс тілінде сөйлеп, хат таныса, 3–4 сыныпты бітірсе, өздерінің дәрежесін, беделін арттыру мақсатында тезірек қызметке орналастыруды көксеген. Ал гимназия болса, оқушыға бітірген сыныбы туралы куәлік берген.

Балаларының болашағынан зор үміт күткен әкелердің мұндай қадамдары қазақ тарихында белең алған құбылыс. Тарихи деректердің мәлімдеуінше, Төлембай қолындағы оқулықтары мен оқу құралдарын, кітапхандан алған кітаптарын түгел тапсырып, ауылына оралған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1662-іс. 2–3-пп.). Біраз уақыттан кейін Верный уездік сотына аудармашы болып қызметке тұрған. Ол жерде біршама уақыттан соң Пішпек уезіне жандармның аудармашысы қызметіне ауыстырылған.

Жетісу Алаш қайраткерлерінің арасында өз оқуларын Верный ерлер гимназиясымен шектемей, Қазан қаласында жоғары білім алғандары кездеседі. Солардың бірі — Салық Аманжолов. Салық 1917 жылы Үржар қазақ (қырғыз) комитетінің төрағасы болған Салық Аманжолов 1889 жылы Верный уезінің Бақай болысында ауқатты шаруаның отбасында дүниеге келген. Жастайынан білімге құмар баласын әкесі Аюке 1897 жылы 10 тамызда гимназияға оқуға берген. Дайындық сыныбының жоғарғы бөліміне емтихан тапсырып, оқуға қабылданғаннан кейін бірден әкесі директордың атына ұлы Салық Аманжоловтың гимназиядан шығып қалған жағдайда бірден алып кететініне міндеттеніп, 1897 жылы 21 тамызда қолхат берген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1269-іс. 2-п.). Баласының денсаулығына алаңдаған әке қажетті екпелерді де салдырған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1269-іс. 3-п.), өйткені балалардың арасында түрлі жұқпалы аурумен науқастанатындар кездескен әрі бұл гимназияға түсудің талаптарының бірі болатын. Бұны гимназия дәрігерінің есептерінен анық көруге болады. Дегенмен науқастанатын балалардың саны көп болмаған. Мәселен, 1890 жылы өкпе ауруымен бір ғана бала ауырған. Мұның өзі гимназия басшылығы балалардың денсаулығына жіті назар аударған дегенді білдіреді. Екпе салдырып, дер кезінде денсаулықтарын тексеріп, әлсіздерінің ата-аналарына хабар беріп, қажет жағдайда ауруханаға жатқызып, емдеп отырған. Салықтың егілгенін дәйектейтін Верный уездік дәрігер жазған куәлікте «8 жасар баланың оң иығында шешекке қарсы жасалған екпенің орны және денсаулығының жақсы, дене бітімі қазналық оқу орнына түсуге кедергі келтірмейтіндігі» туралы айтылған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1269-іс. 3-п.).

Гимназияда Салық жақсы оқуымен, үлгілі тәртібімен, білімге құштарлығымен ерекшеленген. Сол үшін ол сыныптан сыныпқа II-дәрежелі марапатпен көшіріліп отырған. 1901 жылы 28 сәуірде III-сыныпқа емтихансыз көшкен. Он жыл бойы бірақ рет тәртіп бұзған. Сабақтардан рұқсатсыз кетіп қалғаны үшін төрт сағат арнайы бөлмеге қамау арқылы жазаланған. 1907 жылы мамыр айында гимназияны тәмамдап, орта білім аттестатын алған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 1269-іс. 5-п.).

Орта білімді қанағат тұтпаған бозбала елінің мүддесінде адал қызмет ету үшін терең білім керек екендігін түсінген. Осы мақсатына қол жеткізу жолында Қазандағы император университетінің заң факультетіне оқуға түскен. Университетті тәмамдап, 1912 жылы елге оралған. Аягөз, Үржар заң орындарында қымет етіп, нағыз маман ретінде танылған.

Верный гимназиясында оқыған Алаш арыстарының бірі — Қайсерке Тоқсанбаев. Ол 1890 жылы Верный уезінде дүниеге келген. Айып парақшасында нақты туған жері көрсетілмеген. Дегенмен Қайсеркенің Мойынқұм болысында тұрғанын әкесі Тоқсанбай Дүзгенбаевтың өтінішінен білуге болады. 1899 жылдың тамыз айында гимназияның дайындық бөлімінің кіші сыныбына емтихан тапсырып, оқуға түскен. Мұғалімнің түсіндіргенін тыңдамау, үлкен үзілісте сыныпқа кіру, жолдасын ұрып тастау тәрізді тәртіпсіздіктері үшін сөгіс алған, сабақтан кейін қалдырылған. Ауыл баласының мұндай қылықтарын ерсі деп санамаған ұстаздары оның жүріс-тұрысын «өте жақсыға» бағалаған. Қайсерке бірінші сыныптың соңында арифметикадан емтихан тапсыра алмай қалған. Сол себепті бірінші сыныпты екі жыл оқыған. Сынаққа гимназия инспекторы, мұғалімдерден екі ассистент және оны алуға келісім берген жағдайда облыстың әскери губернаторы қатысқан. Қанағаттанарлық жетістік көрсеткен оқушы келесі сыныпқа көшірілген. Білім жетістігін көрсете алмағандар сол сыныпта қалдырылған.

Қайсерке бұдан кейінгі сыныптарды орташа дәрежеде аяқтаған. Тәртібі өте жақсы

болған. Алтыншы сыныптың үшінші тоқсанын бітірмей, гимназиядан шығып кеткен (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2756-іс. 4–5-пп.). Себебі әкесі гимназия директорының атына өтініш жазып, өзгелер тәрізді отбасылық жағдайға байланысты емес, баласын мемлекеттік қызметке түсу үшін оқудан шығаруын, тиісті құжаттарды беруін ашық сұраған. Қайсеркеге гимназияда VI-сыныпта оқығаны, жасы, денсаулығы туралы медициналық куәліктер берілген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2756-іс. 1-п.). Денсаулығы туралы анықтамада оның Верный лазаретінде VI-сынып оқушысы ретінде тегін емделгені айтылған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2756-іс. 2-п.).

1909 жылы 28 ақпанда Қайсеркеге Верный ерлер гимназиясының бесінші сыныбын бітіргені туралы № 293 куәлік тапсырылған. Осыдан кейін Қайсерке бірден, яғни 1909 жылдың 1 наурызында Жетісу облысы әскери губернаторы міндетін атқарушының бұйрығымен Жаркент уездік басқармаға тілмәш қызметіне тағайындалған (ҚР ОМА. 19-қ. 2-т. 445-іс. 9-п.). Әскери ведомствоның бұйрығы бойынша 1911 жылы 1 мамырда Қайсеркеге алқа тіркеушісі шені берілген. Сол жылдың 31 қазанында Жетісу облыс әскери губернаторының бұйрығымен Верный уездік басқармасының аудармашысы болып бекітілген. Денсаулығына байланысты атқа мініп іс сапарға шыға алмайтын болғандықтан 1912 жылы 25 мамырда әскери губернатордың бұйрығымен бұл қызметтен алынып, басқармада кеңсе шенеунігі болып қалдырылған. Біраз уақыттан кейін 1913 жылы 31 мамырда аудармашы қызметіне қайта тағайындалған. Осы жылдың 21 ақпанында Романовтар әулетінің 300 жылдық мерейтойына орай ашық түсті қола медальмен марапатталған. 1914 жылы 27 сәуірде Қайсерке сіңірген еңбегі үшін алқа тіркеушісі шенінен губерниялық аға хатшылыққа өткен. Ресейде алқа тіркеушісі шені 1720 жылғы 28 ақпандағы Бас регламент бойынша енгізілген. XIX ғасырдың соңында бұл шен нақты лауазыммен байланысты емес, әмбебап болып, орта классикалық білімі бар адамдарға берілді. Алқа тіркеушісі шені мемлекеттік қызмет жолына «төменгі» әлеуметтік топтардың өкілдеріне, көбіне тек бастауыш білімі бар адамдарға берілді. Орта білімі жоқ қызметкерлердің мұндай шенді уездік училищесінің оқу бағдарламасы бойынша емтихан тапсыру арқылы алу мүмкіндіктері болған.

1914 жылдың 7 маусымынан Қайсерке Тоқсанбаев Жетісу қоныс аудару ауданы кеңсесіне Тоқаш Бокиннің орнына жергілікті тілдерден аудармашы болып тағайындалған (ҚР ОМА. 19-қ. 2-т. 445-іс. 2-п.). Алайда бұл қызметті ол 1914 жылдың 2 желтоқсанына дейін ғана атқарды. Қайсеркенің жеке мүлігі болмаған, уездік басқарманың аудармашысы ретінде жылына 800 рубль жалақы алған. Есесіне 1914 жылы 27 сәуірде Қайсеркені әскери ведомствоның азаматтық шендер бұйрығы бойынша сіңірген еңбегі үшін алқа тіркеушісі шенінен жоғарылап, губерниялық аға хатшы шенін тағайындаған.

Тарихтан белгілі Жетісу Алаш қайраткерлері білім алуға бірін-бірі тартып отырған. Барлыбек Сыртанов Мұхамеджан Тынышпаевтың оқуға түсуіне ықпал еткендей, Ыбырайым Жайнақов Базарбай Мәметовты Верный гимназиясында білім алуға ынталандырған. Тіпті Базарбай пансионнан шығып қалған жағдайда Ыбырайым өзінің қамқорлығына алатындығын мәлімдеген. 1909 жылы Жетісу облыстық басқармасында аудармашы болып қызмет етіп жүрген кезінде гимназия директорының атына өтініш жазып, өзінің ниетін білдерген. Өтініштің мазмұнын Жетісу вице-губернаторы растап, арнайы хат жіберген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2205-іс. 1-п.). Осы орайда айта кетерлік жайт, Верный ерлер гимназиясына бірін-бірі жетелеген және әкелерінің қамқорлығы арқасында ағайынды Барлыбек, Болатхан, Қанатхан, Дәрібек Сыртановтар және өзін шенеуніктің баласымын деп көрсеткен Абдулқадыр Сыртанов білім алған.

Базарбай 1891 жылы Жетісу облысының Лепсі уезінде туылған (Өзінің өмірбаянында 1888 жылы туылған деп жазылған) 1900 жылы тамыз айында гимназияның дайындық сыныбына оқуға қабылданған. 1903 жылы 2-сыныпқа, 1907 жылы 6-сыныпқа ІІ-дәрежелі марапатпен көшірілді (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2205-іс. 5-п.). Базарбай Мәметов сыныптан сыныпқа тәртібіне

үнемі «өте жақсы» деген бағаға ие болып көшірілсе де 1909–1910 оқу жылының мамыр айындағы педагогикалық кеңестің қаулысына сәйкес жазбаша емтихандарды тапсыра аламағандығы үшін 8-сыныпты қайта оқыған. Келесі 1910–1911 оқу жылында наурыз айында емтихандарын сәтті тапсырып, гимназияның 8-сыныбын тәмамдап, орта білім туралы аттестатты иеленді. Верный ерлер гимназиясында оқыған қазақ балаларының арасында Базарбай табандылығымен ерекшеленді. Гимназияны аяқтағаннен кейін, көп ұзамай Базарбай Қазан императорлық университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1917 жылы бітіріп шықты.

1901 жылы тамызда гимназияға Қанатхан Сыртанов қабылданды. Қанатхан оқуға түспей тұрып, сол жылдың 12 қаңтарында титулды кеңесші Б. Сыртанов директордың атына жиені Қанатханның гимназиядан және пансионнан шығып қалған жағдайда өзіне алатындығы, ресми киімді (форманы) қайтаратындығы туралы қолхат берген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2560-іс. 5-п.). Қанатхан 1892 жылы Жетісу облысының Қапал уезінде дүниеге келген. 1903 жылы 1-сыныпқа ІІ-дәрежелі марапатпен өткен. Ол 1903 оқу жылының І-жартысында Қанатхан гимназияда Нүсіпбек Жақыпбаевпен (дайындық сыныбына түскен), Базарбай Мәметовпен, Болатхан Сыртановпен, Қайсерке Тоқсанбаевпен, Салық Аманжоловпен қатар оқыды (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 383-іс. 1,4-пп.). Бұлардың барлығы пансионда тұрып білім алды. Осы жылдың ІІ-жартысында оларға Жәнеке Солтанаев қосылды. Архив қорында Нүсіпбек Жақыпбаев және Жәнеке Солтанаев туралы мәлімет жоқтың қасы. Тек гимназия оқушыларының аты-жөндері тіркелген журналда олардың нешінші сыныпта оқитындары көрсетілген. Дегенмен гимназияны тәмамдаған Нүсіпбек Жақыпбаевтың Киев университетінің медицина факультетінде оқығандығы жөнінде деректер бар. Университетті үздік бітірген маман Жетісуда дәрігер болып қызмет еткен.

Қанатхан Сыртановқа 1908–1909 оқу жылында тәртібіне төрт қойылған, себебі демалыстан уақытында келмеген, темекі тартқан. 1909–1910 оқу жылының наурыз айында денсаулығына байланысты өзін 7-сыныпта қалдыруды сұрап, директордың атына өтініш жазған. Гимназия дәрігері науқасы турасында анықтама берген. Көп ұзамай әкесі Керімбек Қанатханды отбасы жағдайына байланысты гимназиядан алып кеткен (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2560-іс. 1-п.).

1904 жылдың І-жартысында аталған оқушылардың қатарына Нұрғали Нұрмұхаммедов пен Әбділкерім Садықов қосылды. Нұрғали дайындық сыныбына, Әбділкерім 1-сыныпқа Пішпек қалалық училищесінен кейін келді (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2560-іс. 1-п.). Ә. Садықов училищенің алғашқы жылы орташа үлгерім көрсеткенімен, одан кейінгі уақыттарда жақсы оқыды. Училищенің төртінші және бесінші жылы орыс тілінен, геометриядан, географиядан, жаратылыстанудан, суреттен «жақсы», арифметикадан, тарихтан, көркем жазудан «өте жақсы» бағалар алды (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2560-іс. 1-п.). Пансионда тәрбиеленіп, гимназияның 1-сыныбын сәтті аяқтап, орыс тілі, тарих, география, арифметика, табиғаттану пәндері бойынша емтихан тапсырып, «қанағаттанарлық» деген баға алды.

Әбділкерім гимназиядан шығып қалған жағдайда өз үйіне тұрғызатыны туралы Жетісу Алаш қайраткері болған Қалығұл Шегіров 1904 жылы 14 ақпанда қолхат берген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2650-іс. 2-п.). Әбділкерім гимназияда жақсы оқыды. Орыс тілі мен әдебитінен, тарихтан «орта», философиялық пропедевтика, латын, француз, неміс тілдерінен, физикадан «жақсы», географиядан «өте жақсы» білім жетістіктерін көрсеткен. Айып парақшасындағы мәліметтерге қарағанда 1891 жылы Пішпек уезінің Талқан болысында туған. Тәртібі өте жақсы болғандықтан сыныптан сыныпқа үнемі ІІ-дәрежелі марапатпен көшілірген. 1911 жылы 16 мамырдағы әкесі Садық Өзбековтің өтініші бойынша отбасы жағдайына байланысты 8-сыныпта оқып жүрген кезінде гимназиядан кеткен (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2650-іс. 2-п.). Оған үлгерімі мен тәртібі туралы және қосалқы куәлік берілді. 1911 жылдың 17 мамырында Әбділкерім Садықовқа «Халық

ағарту министрлігі ведомствосының гимназия және прогимназиялардағы оқушылардың білімдерін сынау туралы 1891 жылы 12 наурыздағы ереженің» 80-тармағына сәйкес № 1532 қосалқы куәлігі берілді. Куәлікте Әбділкерім Садықовтың өте жақсы тәртіп пен жақсы үлгерім көрсеткені атап жазылды. Ол орыс тілі мен әдебиетінен, математикадан орта, философиялық уағыздау, заңтану, латын тілі, физика, тарих, неміс тілі, француз тілі пәндерінен жақсы, географиядан өте жақсы білім жетістіктерін көрсеткен (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2650-іс. 5-п.). Осындай бағалар бойынша Әбділкерім гимназия педагогикалық кеңесінің қаулысы бойынша 1911 жылы 24 наурызда аттестат алу үшін сынақтарға кіргізілген. Ә. Садықовтың жазбаша емтихан жұмыстарына мынадай балл қойылған: орыс тілі бойынша – 2, алгебра бойынша – 3, тригонометрия бойынша – 2. Жазабша жұмыстар үшін көрсетілген баллдар және «Халық ағарту министрлігінің және министрліктің гимназия және прогимназиялардағы оқушылардың білімдерін сынау туралы 1910 жылдың 12 наурыздағы № 5910 циркулярлы өкімі негізінде ауызша емтихандарға жіберілмеген.

Ал Нұрғали Нұрмұхаммедов жөнінде мәліметтер кездеспейді.

Гимназия оқушыларының, соның ішінде қазақ балаларының толық орта білім алуына барлық жағдай жасалды. 1910 жылы гимназияда 8 толық, 1 дайындық, 1 парралель сыныпта 358 бала оқыды. Олардың 311 православие, 19 мұсылман дін өкілдері еді. Оқушылардың саны 1911 жылы 420-ға жетті. Оқу ақысы 50 рубль болды (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 2650-іс. 5-п.). (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 526-іс. 42-п.), яғни XIX ғасырдың 90-жылдарымен салыстырғанда 10 рубльге көбейген. Қазақ балаларына 1897 жылдың 6 қаңтарындағы Мемлекеттік Кеңестің бекіткен ережесіне сәйкес пансионнан 20 орын бөлінді. Пансион Жетісу облысының земство алымдарынан құралған қаржы арқылы қамтамасыз етілді (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 20509-іс. 1-п.). Пансионда біреуі гимназияға түсу үшін дайындық, екіншісі гимназияға қабылданған балаларға арналған екі бөлім болды. Дайындық бөлімінің оқу сағаттарын, бағдарламаларын, оқытылатын сабақтардың көлемін гимназияның педагогикалық кеңесі анықтады, ал оны жергілікті оқу округының сенімді шенеунігі бекітті.

Пансионды ұстап тұру үшін 1897 жылдан бастап Халық ағарту министрлігінің жергілікті бөлімшесі жыл сайын 10 000 рубль бөлді. Содан 1050 рубльден екі тәрбиешіге 2100, сабақ беріп, орыс тілінен пратикалық сабақтар өткізгендері үшін әрқайсысына 400, экономның еңбек ақысына 300, 40 пансионерді қамтамасыз етуге 7 200, әрбір балаға 180 рубль бөлінді. Земстволық алымның есебінен білім алатын пансион тәлімгерлерінің арасында 16 қазақ баласы болды.

Гимназияның іргелі кітапханасында 11186, оқушылар кітапханасында 2797 кітап болды. оқушыларға білім беруде 94 атлас, глобус, географиялық карталар, 203 оқу құралдары қолданылды (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 526-іс. 1-п.). Бұдан гимназияның балалардың терең әрі жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасағанын айқын байқауға болады. Педагогикалық кеңес 27, сыныптық комиссиялар 36 мәжіліс өткізді. Әрбір мәжілісте оқушылардың үлгерімі, тәртібі бүге-шігесіне дейін қаралып, жеке-жеке шешім шығарылды. Шешім шығаруға қолайлы болу үшін жоғарыда айтылған айып парағы өз уақытымен толтырылды. Осы кезде гимназия директоры қызметін В.Д. Дейнеко атқарды. Оның бір жылдық еңбек ақысы 3630 рубльді құрады (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 526-іс. 29-п.).

Ақпан революциясының жеңісінен кейін де гимназияға түсушілердің қатары азаймады. Пансионда тұрып оқығысы келетіндердің де қатары көп болды. Мәселен, өзі жетісулық Алаш қайраткері болған Отыншы Әлжанов Лепсінің жоғары бастауыш училищесінің 2-сыныбында оқитын 12 жасар ұлы Мұхамедқасымды Верный гимназиясында білім алуын қалап, қазнаның немесе земстволық алымның есебінен тәрбиеленетін пансион оқушыларының қатарына қабылдауын сұрап, Жетісу облыстық Уақытша үкіметтің комиссары Мұхамеджан Тынышбаевтың атына 1917 жылдың 4 маусымында өтініш жазған (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 20509-іс.

57-п.). Архивтің қорында сақтаулы құжаттың бетінде пансионға сәйкес келетін гимназияның сыныбына қабылдансын деген жазу бар. (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 20509-іс. 96-п.).

Қазна есебінен балаларын оқытқысы келетіндердің өтініштері қанағаттандырыла бермеген. Оған дәлел — Жетісу облысы Уақытша үкіметінің комиссары М. Тынышбаевтың атына Верный округтік сотының присяжной аудармашысы Асылқожа Құрманбаевтың жазған өтініші. Өтініш иесі гимназияның 1-сынып оқушысы Заманбекті пансионға қазна есебінен оқытуды сұраған. Алайда «ендігі жерде қазақ балаларын пансионға қабылдау мәселесі облыстық қырғыз комитетінің құзырына берілгендігін» хабарлаған. Асылқожа Құрманбаевтың өтінішінде «қырғыз комитетінің екінші ұлын қабылдаудан бас тартқаны былай тұрсын, бірінші ұлы Сұлтанды пансионнан шығарып жібергендігін» ашық жазған. А. Құрманбаев «облыстық қырғыз комитетінің құрамында Верный уезінің қазақтарының, бұрынғы тәлмаштар, қайтыс болған губернатор Фольбаумның серіктестері Жайнақов пен Шегіровтің, Пржевальск уезінің бастығы Валериан Великолепныйдың аудармашысы Дүйсебаевтың, Верный уезінің басшысы Лихановтың аудармашысы Тергеусізовтің және т.б. бар екендігін» жеткізген (ҚР ОМА. 94-қ. 1-т. 20509-іс. 150-п. қ.б.). Асылқожаның пікірінше, «гимназиядан түрлі себептерге байланысты шығарылғандар әртүрлі комитеттерге кіріп, қолдарына барлық билікті, соның ішінде халық ағарту ісін де алып алған. Алайда жоғары білімдері бар, халыққа жетекші болуға лайық, бірақ епті емес адамдар, мысалы, дәрігер Есенғұлов, Жақсылықов, Базанов, заңгер Аманжолов, агроном Сабатаев және басқалар сыртта қалды». Жағымсыз сипатта, арыз-шағым түрінде жазылған осы бір өтініш жетісулық алаштықтардың білімі мен қызметі турасындағы мәліметтерді дәйектей түседі.

## Қорытынды

Верный ерлер гимназиясы Жетісу Алаш қайраткерлерінің өмір жолында тарихи із қалдырды. Гимназия қабырғасында олардың білім алуға талпынған балалық шақтары өтті. Олар көпшіліктің арасында тұруға, тәртіпке бағынуға, адал дос, сенімді серіктес болуға үйренді. Кітап оқу, шет тілін меңгеру, ой толғау, пікір таныту тәрізді қасиеттерді бойларына сіңірді. Алған білімдерінің арқасында олар мемлекеттік қызметке тағайындалды, жоғары білімге қол жеткізді. Өз істерінің білікті мамандарына айналды. Өкінішке орай гимназия өлкеде кеңес өкіметі орнаған тұста жабылып қалды. Қазан революциясының жеңісі және кеңестік биліктің орнатылуы ағарту ісінің сипаты мен мазмұнын түбегейлі өзгертті. Ер балалар мен қыз балалар бірге, бір сыныпта білім алды.

Отандық тарих ғылымында Жетісу Алаш қайраткерлерінің Верный ерлер гимназиясында білім алуларын ғана емес олардың ғұмыры мен қызметін терең зерттеудің қажеттілігі айқын байқалады. Жетісулық алаштықтардың қатарында болған, ұмыт қалған тарихи тұлғалардың есімдерін анықтау, тарихи жадта жаңғыртып қана қоймай, елі үшін атқарған істеріне шынайы баға беру міндеті туындайды.

**ДЕРЕККӨЗДЕР**

АқМА — Алматы қаласы мемлекеттік архиві.
ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.
ҚР ОМККДЖА — Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік кинофото құжаттар және дыбыс жазбалар архиві.

**SOURCES**

ASA — Almaty State Archive.
CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
CSAC PhDAR RK — Central State Archive of Cinema and Photo Documents and Audio Records of the Republic of Kazakhstan.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

Әбдіғалиұлы, 2018 — *Әбдіғалиұлы Б.* Алаш әскері. 1918–1920 жж. Астана: КИСИ при Президенте РК, 2018. 392 б.

Алаш қозғалысы, 2007 — *Алаш қозғалысы*. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. Үш томдық. 3-том. 2-кітап / ред. М.К. Койгелдиев. Алматы: Ел-шежіре, 2007. 344 б.

Алаш қозғалысы, 2017 — *Алаш қозғалысы* және оның жетісулық қайраткерлері. Құжаттар мен материалдар жинағы / жауапты құрастырушы А.М. Каипжанова. Алматы: Алматы облыстық мемлекеттік архиві, 2017. 145 б.

Әлжанов, 2004 — *Әлжанов О.* Шығармалар жинағы. / Құрастырып, өмірбаянын жазушылар: С.М. Әлжанова, тарих ғылымдарының кандидаты С.О. Смағұлова. Алматы: Алаш, 2004. 296 б.

Бүркітбаев, Қарабасов, 2020 — *Бүркітбаев Ү., Қарабасов Ж.* Ыбырайым Жайнақов және «Алаштың» жетісулық қайраткерлері. Алматы: Таугүл-Принт, 2020. 192 б.

Бродель, 1986 — *Бродель Ф.* Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV–XVIII вв. (В 3-х томах). Том 1. Структуры повседневности: возможное и невозможное. Москва: Прогресс, 1986. 623 с.

Гуссерль, 2008 — *Гуссерль Э.* Идея феноменологии. Москва: ИЦ Гуманитарная академия, 2008. 224 с.

Ескендірұлы, 2008 — *Ескендірұлы (Әбдешев) М. Алашорда министрлері / Министры Алашорды*. Алматы: [б. ж.], 2008. 114 б.

Қазақ мемлекеттілігі, 2018 — *Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда.* Ұжымдық монография. Алматы: Литера-М, 2018. 720 б.

Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.

Нұрпейіс, 1995 — *Нұрпейіс К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.

Сорокин, 2014 — *Сорокин П.А.* Человек. Цивилизация. Общество / Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов; Пер. с англ. Москва: Политиздат, 1992. 543 с.

Тілешев, Қамзабекұлы, 2014 — *Тілешев Е., Қамзабекұлы Д.* Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. 528 б.

**REFERENCES**

Abdeshev (Eskendıruly), 2008 — *Abdeshev M.* Alashorda ministrlerı [Ministers of Alashorda]. Astana: KazISS, 2008. 114 p. (in Kaz.).

Abbdıgaliuly, 2018 — *Abbdıgaliuly B.* Alash askerı. 1918–1920 zhzh. [Alash Troops, 1918–1920]. Astana: El-Shezhire, 2018. 392 p. (in Kaz.).

Alzhanov, 2004 — *Alzhanov O.* Shygarmalar zhinagy [Collected Works]. Almaty: Alash, 2004. 296 p. (in Kaz.).

Burkıtbayev, Qarabassov, 2020 — Burkıtbayev U., Qarabassov Zh. Ybyrajym Zhajnaqov zhane «Alashtyn» zhetisulyq qajratkerleri [Ybyraiym Zhainaqov and the «Alash» figures of Zhetysu]. Almaty: Taugul-Print, 2020. 192 p. (in Kaz.).

Braudel, 1986 — *Braudel F.* Material'naja civilizacija, jekonomika i kapitalizm XV–XVIII vv. [Material Civilization, Economics and Capitalism of the XV–XVIII centuries]. In 3 vol. Vol 1. Structures of everyday life: possible and impossible. Moscow: Progress, 1986. 623 p. (in Rus.).

Altaev et al., 2018 — *Altaev B.E., Alimgazinov K.Sh., Bashmakov A.A., Borbasov S.M.* Qazaq memlekettiligi zhane Alashorda [Kazakh Statehood and Alashorda]. Collective monograph. Almaty: Litera-M, 2018. 720 p. (in Kaz.).

Husserl, 2008 — *Husserl E.* Ideja fenomenologii [The idea of phenomenology]. Moscow: IC Gumanitarnaja akademija, 2008. 224 p. (in Rus.).

Kaipzhanova (comp.), 2017 — *Kaipzhanova A.M.* Alash qozgalysy zhane onyn zhetisulyq qajratkerleri. Quzhattar men materialdar zhinagy [Alash movement and its figures in Zhetysu region]. Collection of documents and materials. Almaty: Almaty Regional State Archive, 2017. 145 p. (in Kaz.).

Qoigeldiev, 1995 — *Qoigeldiev M.K.* Alash qozgalysy [Alash movement]. Almaty: El-Shezhire, 1995. 368 p. (in Kaz.).

Qoigeldiev (ed.), 1995 — *Qoigeldiev M.K.* Qazaq memlekettiligi zhane Alashorda. [Kazakh State and Alash Orda]. Collective monograph. Almaty: Litera-M, 720 p. (in Kaz.).

Nurpejis, 1995 — *Nurpejis K.* (1995). Alash ham Alashorda [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 256 p. (in Kaz.).

Sorokin, 1992 — *Sorokin P.A.* (1992). Chelovek. Civilizacija. Obshhestvo [Human. Civilization. Society]. General. ed., comp. and the foreword by A.Yu. Sogomonov. Moscow: Politizdat, 543 p. (in Rus.).

Tıleshev, Qamzabekuly, 2014 — *Tıleshev E., Qamzabekuly D.* (2014). Alash qozgalysy [Alash movement]. Encyclopedic reference book. Almaty: Sardar, 528 p. (in Kaz.).

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Бенхүр Ч., Жолдасұлы Т.**
ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАСЫ.........7
**Ван Каппел Г., Томас А.**
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ТОТАЛЬДЫ СОҒЫС: ТАБЫСТЫ АЛЬЯНС? (СЫНИ ТАЛДАУ)……………..16
**Қуанбай О.Қ.**
ЖАПОНИЯНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫ ЖҮЙЕ ДӘУІРІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.........26
**Нұрмұхамбетов А.А.**
ХХ ҒАСЫР БАСЫНДА ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
ОҚУЛЫҚТАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ РӨЛІ.........41
**Ошан Ж., Бөтөнөев Ж.С.**
ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВІ
ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР……………………..…53
**Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А., Морякова М.Т.**
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЭЛИТА:
ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯҒА ДЕЙІН.........68

### ТАРИХ

**Бижигитова Қ.С. Джампеисова Ж.М.**
XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ КАЗАКТАРЫ:
СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.........84
**Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ.**
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.........97
**Комилов Н., Қасымова, Д.Б., Байжұманова З.Б.**
«САДУАҚАСОВШЫЛДЫҚ» МӘНМӘТІНІНДЕГІ КСРО-ДАҒЫ
ТЕРГЕУ ІСІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАРЫ (1928–1938).........111
**Конырова А.М.**
1860–1890 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.........124
**Мұхатова О.Х.**
ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.........138
**Ташағыл А., Мұқанова Г.Қ.**
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.........154
**Шукеева А.Т., Буканова, Р.Г. Утегенов М.З.**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ
АУДАНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.........166

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.**
«ХАН ОРДАСЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕГІ
ҚҰДЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘЖІРИБЕСІ.........179
**Сакенов С., Бороффка Н.**
ҚОЛА ОРАҚ-ШАЛҒЫ – БУРАБАЙ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТ………………………………...…194

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

**Бенхүр Ч., Жолдасулы Т.**
НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКАЯ ПРЕССА.........................................................................7
**Ван Каппель Г., Томас А.**
СОВРЕМЕННОСТЬ И ТОТАЛЬНАЯ ВОЙНА:
УДАЧНЫЙ АЛЬЯНС? (КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ) ……………………………………………….……..16
**Қуанбай О.К.**
ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЯПОНИИ В ЭПОХУ ПОСТБИПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЫ...................................26
**Нурмухамбетов А.А.**
РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ
УЧЕБНИКОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА……………………………………..…41
**Ошан Ж., Ботоноев Ж.С.**
СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ,
ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ.....................................................................................53
**Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.**
КОЧЕВАЯ ЭЛИТА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ:
ОТ РАННЕГО ГОСУДАРСТВА ДО КОЧЕВОЙ ИМПЕРИИ.......................................................................68

## ИСТОРИЯ

**Бижигитова К.С., Джампеисова Ж.М.**
ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ И САМОИДЕНТИФИКАЦИИ
СЕМИРЕЧЕНСКИХ КАЗАКОВ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ. ............................................................84
**Дуйсенова Н.К., Смагулов Б.К.**
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ........................................97
**Комилов Н., Касымова Д.Б., Байжуманов З.Б.**
ПРЕДВЗЯТОСТЬ МАТЕРИАЛОВ СЛЕДСТВИЯ В СССР В КОНТЕКСТЕ
«САДВОКАСОВЩИНЫ» (1928–1938) ...........................................................................................111
**Конырова А.М.**
ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В КАЗАХСТАНЕ
В 1860–1890-Е ГОДЫ: ИСТОРИКО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ....................................................124
**Мухатова О.Х.**
ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ
ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.......................................................................................................138
**Ташагыл А., Муканова Г.К.**
СУДЬБА ПЕРВОЙ СТОЛИЦЫ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА...............................................................154
**Шукеева А.Т., Буканова Р.Г., Утегенов М.З.**
ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ В ЦЕЛИННЫХ РАЙОНАХ
СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.............................................................................................................166

## АНТРОПОЛОГИЯ

**Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.**
ПРАКТИКА РЕКОНСТРУКЦИИ КОЛОДЦА В МУЗЕЕ-ЗАПОВЕДНИКЕ «ХАН ОРДАСЫ» ..............…179
**Сакенов С., Бороффка Н.**
БРОНЗОВЫЙ СЕРП-КОСА – НАХОДКА ИЗ ОКРЕСТНОСТИ БУРАБАЯ………………………….....…194

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Benhür Ç., Zholdassuly T.**
INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH PRESS........................................................................7
**Van Cappel G., Thomas A.**
MODERNITY AND TOTAL WAR: A SUCCESSFUL MARRIAGE?
(A CRITICAL ANALYSIS) ........................................................................................................16
**Kuanbay O.K.**
JAPAN'S FOREIGN POLICY IN THE POST-BIPOLAR SYSTEM ERA...................................................26
**Nurmukhambetov A.A.**
THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA IN THE PREPARATION
OF TEXTBOOKS IN KAZAKH LANGUAGE IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY...........................41
**Oshan ZH., Botonoev ZH.**
INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ)
IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS.....................................53
**Uzhkenov E.M., Shotanova G.A., Moryakova M.T.**
NOMADIC ELITE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE:
FROM THE EARLY STATE TO THE NOMADIC EMPIRE............................................................................68

### HISTORY

**Bizhigitova K., Jampeissova ZH.**
THE PROBLEMS OF IDENTIFICATION AND SELF-IDENTIFICATION
OF THE SEMIRECHYE COSSACKS IN THE LATE XIX$^{th}$ – EARLY XX$^{th}$ CENTURIES.............................84
**Duisenova N., Smagulov B.**
THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM
IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S..............................................................................97
**Komilov N., Kassymova D., Baizhumanova Z.**
BIAS OF INVESTIGATION MATERIALS IN THE USSR
IN THE CONTEXT OF "SADVOKASOVSHINA" (1928–1938) ....................................................................111
**Konyrova A.**
RESETTLEMENT POLICY OF TSARIST RUSSIA IN KAZAKHSTAN IN THE 1860S–1890S:
HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS..........................................................................................124
**Mukhatova O.**
VERNY MEN'S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT.....................138
**Tashagyl A., G. Mukanova G.**
THE FATE OF THE FIRST CAPITAL OF SOVIET KAZAKHSTAN.............................................................154
**Shukeyeva A.T., Bukanova R.G., Utegenov M.Z.**
EVERYDAY LIFE HISTORY IN VIRGIN LANDS OF THE NORTH KAZAKHSTAN................................166

### ANTHROPOLOGY

**Kartaeva T., Daubaev Y., Altynbekova E.**
THE PRACTICE OF WELL RECONSTRUCTION IN THE
«KHAN ORDASY» MUSEUM- RESERVE......................................................................................................179
**Sakenov S., Boroffka N.**
THE BRONZE SICKLE-SCYTHE – A FIND FROM THE VICINITY OF BURABAY..................................194

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми журналы

2023. 10(1)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.03.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй